

FTAMP 06.81.85

Р.Ә. Төлегенова¹

¹Сулейман Демирел атындағы Университеті, Қаскелең қ., Қазақстан

БЮДЖЕТТІК ҰЙЫДАРДАҒЫ БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕП ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТТИ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Андатпа. Бұл мақалада бюджеттік ұйымдардағы бухгалтерлік есеп және мемлекеттік аудитті ұйымдастыру тәртібі қарастырылған.

Бюджеттік мекеме жеке қаржыландыру жоспарлары жобаларының жасалу дұрыстығын және оларды тиісті бюджеттік бағдарлама әкімшісіне уақтылы ұсынуды қамтамасыз етеді.

Бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің міндеттемелері мен төлемдері бойынша қаржыландыру жоспарлары сәйкес нысандар бойынша міндеттемелер мен төлемдер бойынша жеке қаржыландыру жоспарларын жиынтықтау жолымен қалыптастырылады.

Бюджеттік ұйымдардағы бухгалтерлік есеп Қазақстан Республикасы Заңдарының сақталуына, шығыс сметаларының орындалу барысына, кәсіпорындармен, ұйымдармен және тұлғалармен есеп айырысудың жәй-күйіне, ақшалай қаражаттар мен материалдық құндылықтардың сақталуына бақылау жасау үшін мемлекеттік органдарды толық және дұрыс ақпараттармен қамтуы тиіс.

Кілт сөздер: бюджет, мемлекеттік мекеме, смета, қаржылық бақылау, мемлекеттік аудит.

Аннотация. В данной статье рассматриваются порядок организации бухгалтерского учета и государственного аудита в бюджетных организациях.

Государственные учреждения обеспечивают своевременное представление администраторам бюджетных программ, а также правильность заключения планов финансирования. Бухгалтерский учет бюджетных организаций должен соблюдаться согласно законам Республики Казахстан.

В частности, в процессе сдачи сметы расходов, предприятиями, организациями и частными лицами, а также общей позиции и расчетов наличными денежными средствами для контроля за соблюдением материальных запасов и правительственных учреждений, включающих полную и точную информацию.

Ключевые слова: бюджет, государственные учреждения, смета, финансовый контроль, Государственный аудит.

Abstract. This article discusses the procedure for the organization of accounting and public audit in budget organizations.

Government agencies provide a timely presentation of budget programs administrators, as well as the correctness of the conclusion of the financial plans. Accounting of budgetary organizations shall be used under the laws of the Republic of Kazakhstan.

Particularly, in the process of putting the cost estimates of enterprises, organizations and individuals, as well as a common position and cash settlements for monitoring the compliance of inventories and government agencies including the complete and accurate information.

Keywords: budget, state institutions, estimates, financial control, state of audit.

Мемлекеттің қаржы ресурстарын, әсіресе, республикалық бюджет қаражатын тиімді пайдалану және бақылау проблемалары еліміз үшін өзекті мәселе болып табылады. Өйткені, бюджет қаражатын пайдалану және мемлекеттік қаржы ресурстарын басқаруға байланысты қабылданған басқару шешімдерінің орындау тиімділігінің деңгейі елдің әлеуметтік-экономикалық даму мақсаттарына қол жеткізуіне және оның қаржы-бюджеттік жүйесін тұрақтандыруды қамтамасыз етуіне ықпалын тигізеді.

Мемлекеттік мекеменің атауын өзгерткен кезде ол бойынша мемлекеттік мекеменің атауы өзгертілген нормативтік құқықтық актінің көшірмелерін бір уақытта бере отырып, жоғарыда санамаланғанға ұқсас жаңа құжаттар беріледі. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органының аумақтық қазынашылық бөлімшелері әр мемлекеттік мекемеге бір құжаттар жинағын қалыптастырады.

Бюджеттік ұйымдардағы бухгалтерлік есеп Қазақстан Республикасы Заңдарының сақталуына, шығыс сметаларының орындалу барысына, кәсіпорындармен, ұйымдармен және тұлғалармен есеп айырысудың жәй-күйіне, ақшалай қаражаттар мен материалдық құндылықтардың сақталуына бақылау жасау үшін мемлекеттік органдарды толық және дұрыс ақпараттармен қамтуы тиіс. Мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылатын «Мемлекеттік мекемелер» бухгалтерлік есепті ҚР-ның бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілігі заңына және ҚР-ның Қаржы Министрлігі бекіткен «Мемлекеттік мекемелердегі бухгалтерлік есеп жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» ережесіне сәйкес жүргізіледі[1,2].

Бюджеттік ұйымдардың шығыстарын ағындық және күрделі деп бөлуге болады. Ағындық шығындарға еңбекақы, кеңсе және шаруашылық шығындар, іс- сапарлар мен қызметтік жол жүрулер, оқу шығындары,

стипендияға, тамақтануға, жеңіл инвентарь сатып алуға шығындар, дәрі - дәрмектер мен таңғыш заттар және т.б. шығындар жатады.

Күрделі шығындар (мекеме сметасы бойынша) құрал - жабдықтар мен инвентарьды сатып алуға шығындар, ғимараттар мен құрылғылардың күрделі жөндеу шығындары түрінде болады.

Бюджеттік мекемелердің жұмыс көлеміне байланысты ағындық шығындарының тәуелді және тәуелді емес болып топтастырылуы сметадан олардың нақты сомасының ауытқуын бағалау үшін және бюджеттен ассигновациялаудағы мұқтаждықтарын негіздеу үшін пайдаланылады. Бюджеттік мекемелерде жарықтандыруға кететін шығындардың төменгідеуі сметасымен салыстырғанда қалыпты құбылыс ретінде қарастырылады, себебі бұл оқушылар санының өзгеруіне байланысты емес және жұмысты ұтымды ұйымдастыру есебінен қамтамасыз етіледі. Тамақтануға шығындар топтағы оқушылардың (күні ұзартылған), керісінше олардың санына байланысты[3].

Шығындар сметасының кассалық атқарылуына талдау жасау процесінде еңбекақы, тамақтаны, стипендияға бюджеттің қорларының асыра жұмсалыуына ерекше көңіл аударуы қажет. Олардың мекеме экономикасына кері әсері қайтымсыз. Бұл ашық несиеден жоғары шығыстар қайтарымсыз және келешекте шығындардың басқа баптары бойынша шығындардың қысқартылуы талап етіледі. Сондықтан ашық несиелерді толық пайдаланбаудың немесе нақты жеке шығындар баптары арасындағы асыра жұмсаудың факторларын анықтау жеке өзіндік мәнге ие және белгіленуі бойынша бюджеттік оорларды пайдалануды ұйымдастыруға мүмкіндік береді[4].

Еңбек ақы бойынша есеп айырысу және жалақыны есептеудің аналитикалық есебі келесі негізгі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

- әрбір қызметкер бойынша оның ұйымда жұмыс істегенуақытына қарамастан;

- есептеулердің түрлері (негізгі, қосымша) бойынша;

- төлем көздері бойынша;

- құрылымдық бөлімшелер бойынша;

- өндірілген өнім, көрсетілген қызмет, орындалған жұмыстар бойынша.

Қазіргі уақытта ұйымдарда аналитикалық есепті ұйымдастырудың үш нысаны қолданылады: есеп айырысу – төлем ведомстері бойынша, есеп айырысу және төлем ведомстері бойынша, «Еңбек ақыны есептеу» парағы бойынша, оның негізінде төлем ведомсі толтырылады[5].

Бюджеттік мекемелердің жұмысшылар мен қызметкерлерге бір айға төлеуге тиісті еңбекақының жалпы сомасын табу үшін алғашқы құжаттар бойынша істелінген жұмыстарға және қосымша еңбек ақыларына қоса төленетін жалпы соманы анықтап, одан ұсталуға тиісті сомаларды алып тастау керек. Жұмысшылар мен қызметкерлердің

табысын, одан ұсталынатын ұсталымдарды және олардың қолына берілетін еңбекақы сомаларын жинақтауға арналған құжатты есеп айырысу – төлем ведомосі деп атайды. Бұл ведомості әрбір бөлімше, цехтар бойынша толтырады.

Есеп айырысу – төлем ведомосінде жұмысшылардың аты – жөні, табельдік номері, есептелген негізгі және қосымша еңбек ақы, ұсталымдардың сомалары, егер бар болса жұмысшылардың қарыз сомалары көрсетіледі. Жұмысшылар осы төлем ведомосінің негізінде кассадан ақша алып, қолын қояды. Бұл ведомость бойынша, біріншіден, жұмысшылармен еңбекақы бойынша есеп айырысу жүргізілсе, екіншіден, бұл ведомость еңбекақы бойынша есеп айырысудың аналитикалық есебі болып табылады.

Мекемеледе еңбекке жарамсыздығы үшін жәрдемақы төлеуге, еңбек демалысын төлеуге және тағы басқаларды төлеу үшін, сондай – ақ орташа жалақыны есептеу үшін әрбір жұмысшыға дербес шот ашылады. Бұл шотта жұмысшының аты – жөні, демалысының ұзақтығы, әрбір айға есептелген жалақысы, жәрдемақылары және ұсталымдары көрсетіледі[6].

Бюджеттік мекемелер сондай – ақ әрбір жұмысшыға есеп айырысу қағазы толтырылады. Есеп айырысу қағазында да жоғарыда аталған мәліметтер көрсетіліп, әр жұмысшыға бөлек толтырылып, олардың қолдарына беріледі.

Кейбір мекемелердің жазуларды қайталап жаза бермес үшін есеп айырысу – төлем ведомосі мен дербес шоттың орнына есеп айырысу ведомосі ғана толтырылады. Бұл құжат журнал түрінде жасалынып, негізгі және қосымша беттерден тұрады.

Құжаттар бухгалтерияға келіп түскеннен кейін оларды әрбір жұмысшының айлық жалақысын және жалпы еңбек ақы қорын анықтау мақсатында топтастырады.

Мемлекеттік мекемелерде еңбек ақыны есептеу бойынша негізгі жинақтаушы құжат есеп айырысу ведомосі болып табылады. Есеп айырысу ведомосін құруға келесі алғашқы құжаттар негіз болады:

- жұмыс уақытын пайдалану есебінің табелі;
- еңбек ақының жинақтау карточкасы.

2015 жылы 12 қарашада Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заңға қол қойды. Аталған заң бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі «100 нақты қадам» – Ұлт жоспарын іске асыруға бағытталған. Осыған орай, бюджет қаражатының жұмсалыуына бақылауды жүзеге асыратын қаржылық бақылау комитетіне айрықша міндет жүктеліп отыр[7].

Мемлекеттік аудит – бюджет қаражатын, мемлекет пен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің активтерін, байланысты гранттарды, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздарды, сондай-ақ мемлекет кепілгерлігімен, оның ішінде бюджетті атқаруға

байланысты тәуекелдерді басқару жүйесіне негізделген басқа қызмет кезінде тартылатын қарыздарды басқару және пайдалану тиімділігін талдау, бағалау және тексеру.

Мемлекеттік аудиттің мақсаты бюджет қаражатын, мемлекеттік сектор субъектілерінің активтерін басқарудың және пайдаланудың тиімділігін арттыру болып табылады.

Мемлекеттік аудит мынадай түрлерге бөлінеді:

1) қаржылық есептілік аудиті – мемлекеттік аудит объектісі қаржылық есептілігінің, бухгалтерлік есебінің және қаржылық жай-күйінің анықтығын, негізділігін бағалау;

2) тиімділік аудиті – мемлекеттік аудит объектісінің қызметін тиімділік, үнемділік, өнімділік және нәтижелілік нысанына бағалау және талдау;

3) сәйкестік аудиті – мемлекеттік аудит объектісінің Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын, сондай-ақ оларды іске асыру үшін қабылданған квазимемлекеттік сектор субъектілерінің актілерін сақтауын бағалау, тексеру[8].

Мемлекеттік аудит төмендегідей өзара байланысты кезеңдерден тұрады:

- тәуекелдерді басқару жүйесінің негізінде мемлекеттік аудит ұйымдастыруды көздейтін тиісті жылға арналған мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесін қалыптастыру;
- жеке мемлекеттік аудитті жоспарлау және оны жүргізу;
- мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша шешімдер қабылдау және құжаттар жасау.

Мемлекеттік аудит жүргізу мерзімін мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органының басшысы мемлекеттік аудиттің түріне, алдағы жұмыстардың көлемдеріне, мемлекеттік аудитпен қамтылатын қаражат көлемдеріне, мемлекеттік аудит объектілерінің санына қарай, мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізудің тиісті қағидаларында көзделген шеңберде белгілейді.

Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органының басшысы мемлекеттік аудитордың жазбаша өтінішхаты бойынша мемлекеттік аудит жүргізу мерзімін ол аяқталғанға дейін кемінде бір жұмыс күні бұрын мемлекеттік аудит объектілерінің тиісті жылға арналған тізбесіне тиісті өзгерістер енгізе отырып ұзартуы мүмкін.

Мемлекеттік аудит шеңберінде мынадай тексерулер жүргізіледі:

-үстеме тексеру – тексеріліп отырған мәселе шеңберінде, негізгі мемлекеттік аудит объектісімен өзара қатынастар мәселелері бойынша ғана жүргізілетін, үшінші тұлғаларды тексеру. Үшінші тұлғалар ретінде бюджетке түсетін түсімдерді қалыптастыруға қатысатын және бюджет қаражатын, мемлекет пен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің активтерін, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздарды,

байланысты гранттарды, мемлекет кепілгерлігімен тартылатын қарыздарды пайдаланатын, сондай-ақ мемлекеттік мүлікті басқару мен пайдалануды жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар болуы мүмкін;

- бірлескен тексеру – мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарымен және мемлекеттік органдармен, оның ішінде басқа елдердің жоғары мемлекеттік аудит органдарымен келісілген мерзімдерде бірыңғай бағдарлама және мемлекеттік аудит тобы шеңберінде бірлесіп жүргізілетін тексеру, оның нәтижелері бойынша бірыңғай қорытынды құжат қабылданады;

- қатар тексеру – кейіннен тексерулер нәтижелерімен алмаса отырып, басқа мемлекеттік органдар, оның ішінде басқа елдердің жоғары мемлекеттік аудит органдары келісілген мәселелер мен жүргізу мерзімдері бойынша дербес жүргізетін тексеру[8,3б.].

Мемлекеттік аудит объектілерінің тиісті жылға арналған тізбесін қалыптастыру тәуекелдерді басқару жүйелері – мемлекеттік аудит объектілерінің қызметін бағалаудың сандық және сапалық көрсеткіштері негізінде жүзеге асырылады, бұлардың негізінде оларды мемлекеттік аудитпен барынша қамту мақсатында мемлекеттік аудит объектісін белгілі бір тәуекел тобына жатқызу туралы шешім қабылданады.

Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының қызметі оларға жүктелген міндеттер мен өкілеттіктердің іске асырылуын қамтамасыз ету мақсатында өздерінің бірінші басшылары бекітетін мемлекеттік аудит объектілерінің тиісті жылға арналған тізбесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Есеп комитетінің және тексеру комиссиясының мемлекеттік аудит объектілерінің тиісті жылға арналған тізбелерін қалыптастыру кезінде құқық қорғау органдарының, арнаулы мемлекеттік органдардың ұсыныстарына талдау жасалады, олардың орындылығы мен өзектілігін қарау үшін Есеп комитетінің немесе тиісті тексеру комиссиясының отырысына талқылауға шығарылады.

Мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесін қалыптастыру үшін мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жөніндегі бірыңғай дерекқорда мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау материалдарын, есептілікті орналастыруға, сондай-ақ келісілген мерзімдерде мемлекеттік аудит объектілерінің тиісті жылға арналған тізбелері туралы олар бекітілгенге дейін ақпарат алмасуды жүзеге асыруға міндетті.

Есеп комитеті мен тексеру комиссиялары бюджеттердің атқарылу процесінде тиісті бюджет кірісіне салықтық және салықтық емес түсімдердің толықтығын және уақтылығын, тиісті бюджет туралы заңның (мәслихат шешімінің) бекітілген көрсеткіштерімен салыстыра отырып, бюджет қаражатының нақты жұмсалуын талдайды, ауытқу себептерін және олармен байланысты бұзушылықтарды, Қазақстан

Республикасы заңнамасының жетілмегендігін анықтайды, оларды жою жөнінде ұсыныстар енгізеді.

Есеп комитеті мен тексеру комиссиялары мемлекеттік аудит барысында бюджеттердің атқарылуының нақты көрсеткіштерінің бюджет туралы тиісті заңмен (мәслихаттардың шешімдерімен) бекітілген көрсеткіштерге сәйкестігін, бюджет көрсеткіштерінің орындалуының толықтығы мен уақтылығын айқындау үшін есепті қаржы жылындағы бюджет туралы заңның (мәслихаттар шешімдерінің) орындалуына, бюджеттердің атқарылу заңдылығын, есеп пен есептіліктің анықтығын, бюджет қаражатын, мемлекет активтерін пайдаланудың тиімділігін айқындау мақсатында бюджеттердің атқарылуы туралы жылдық есептерге, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік есептілігіне кейіннен бағалауды жүзеге асырады[8,56.].

Кейіннен бағалау жүргізу қорытындылары бойынша тиісті бюджеттің атқарылуы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің есебіне немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының тиісті есебіне қорытынды дайындалады, оларды ұсыну және қарау Қазақстан Республикасының бюджет кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.

Құрылымына және мазмұнына қойылатын талаптар мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың тиісті рәсімдік стандарттарында айқындалады.

Қорытынды төмендегілерді қамтиды:

- бюджеттің негізгі параметрлерін орындауды:

- бюджет түсімдері мен шығыстарын;

- салықтық және кедендік әкімшілендіру тиімділігін;

- мемлекеттік органдардың өз стратегиялық жоспарларында, аумақтарды дамыту бағдарламаларында көзделген тікелей және түпкі нәтижелерге қол жеткізуді, мемлекеттік бағдарламаларды, оның ішінде алдыңғы кезеңдер үшін және бюджеттік бағдарламаларды іске асыруды;

- бюджет қаражатын, оның ішінде нысаналы трансферттерді және кредиттерді, байланысты гранттарды, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздарды, мемлекет кепілгерлігімен тартылатын қарыздарды, мемлекет кепілгерліктері мен активтерін пайдалануды, сондай-ақ мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерді, оның ішінде мемлекеттік концессиялық міндеттемелерді орындауды қаржыландыруды;

- квазимемлекеттік сектор субъектілерінің өздеріне бөлінген бюджет қаражатын қаржы-экономикалық негіздемеге, бюджеттік инвестициялар тиімділігіне, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің активтерін тиімді басқаруға сәйкестігіне қарай пайдалануды;

-мемлекеттік аудит объектілерінің есеп пен есептілікті жүргізу анықтығы мен дұрыстығын бағалауды қамтиды.

Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары жүргізілетін мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау қорытындыларын жүйелі түрде талдайды, бюджеттің атқарылуы, мемлекет пен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің активтерін пайдалану процесінде анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің себептері мен салдарларын жинақтап қорытылап және талданады.

Талдау қорытындылары бойынша жүргізілген мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасын жетілдіру және Қазақстан Республикасының қаржы жүйесін дамыту жөнінде ұсыныстар әзірлейді және оларды тиісті уәкілетті органдардың қарауына ұсынады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 «Мемлекеттік мекемелердегі бухгалтерлік есеп жөніндегі нұсқаулық бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2015 жылғы 20 қараша N 577 Бұйрығы.

2 «Қаржы есептілігін жасаудың және ұсынудың нысаны мен ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 8 шілдедегі N 325 Бұйрығы.

3 «Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылу ережесі» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы «20» наурыз № 225 қаулысымен бекітілген.

4 Тайгашинова К.Т. Басқару есебі: Оқу құралы.-Алматы: "LEM баспасы", 2011. – 332 бет

5 Нұрсейітов Е.О. Ұйымдардағы бухгалтерлік есеп: Оқу құралы.– Алматы, 2009. – 297с.

6 «Мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есеп шоттарының жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 15 маусымдағы N 281 Бұйрығы.

7 Елбасы Н.Ә.Назарбаев ұсынған бес институционалдық реформаны жүзеге асырудың «100 нақты қадам» жоспары, 6 мамыр 2015 жыл.

8 «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 12 қарашадағы № 392 – V Заңы.